

Рымқұл Сүлейменов Ақсу-Аюлы селосындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте оқыды. Интернатта жатты. Қырық бір колхоздан, екі совхоздан, Қызылтау, Қарғалы қосалқы шаруашылықтардан балалар келіп, осы мектепте оқыды. Аудандық жалғыз орта мектеп. Жүзге тарта оқушы интернатта жатты. Жатақхана шағын, бала көп. Темір кереуеттің үстіне екінші кереуетті орналастырып, сыммен тартып, бұрап қояды. Пешке қараған, тал, тобылғы, арша жағады. Қатты аязда суыпта кетеді. Түнде май шам. Осындай қиыншылық жағдайда балалар шыдап, оқып білім алды. Соның бірі - Рымқұл.

Рымқұл сабақты жақсы оқыды. Ауыз әдебиетін батырлар жырын, көркем әдебиетті сүйіп көп оқитын. Қолынан кітап түспейтін. Келешекте жақсы азамат болатынын сол уақытта білгенмін.

1953-54 оқу жылында 10 класты 35 оқушы бітірді. Сол бірге оқыған оқушылардың көпшілігі жоғарғы оқу орындарында білім алды. Халық шаруашылығының әр саласында жемісті еңбек етті. Мысалы, Тоқметов Саят Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Ордабаев Тұрсын Ертіс-Қарағанды каналында жұмыс істеді. Кәрібеков Қапас Шет аудандық

«Орталық Қазақстан» «Заман» газеттерінде жазушы Кәмел Жүністегінің «Жазушы шыңы» деген тақырыпта жазушы Рымқұл Сүлейменовтің 70 жылдығына арнаған көлемді мақаласы шықты. Оқыдым. Ойды-ой жалғайды. Мен де Рымқұл жөнінде өз ойым-дағыны айтпақпын.

«Қарт және Қасқыр» атты әңгімесі отыз екінші жылы аштықтан қырылған қазақ халқының аянышты халін ешқандай боямасыз шын суреттеген. Бұл жылды менің көзім көрді. Мен ақша бөлімінде қызмет істейтінмін.

Рымқұл Сүлейменов жазушы- публицист, ССРО Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты. Жерлес журналист - жазушымыз Рымқұл Сүлейменовтің 70 жылдық мерейтойын мәдениет



партия комитетінде бөлім меңгерушісі. Қағазға өте ұқыпты, іскер, парасатты азамат

болатын. Қапбасов Балтабай, Байсарин Адалбек совхоз директорлары.

Рымқұл Сүлейменов мектеп бітіргеннен кейін аудандық «Ильич туы» газетінде істеді. Алматыдағы ҚазПИ-дің журфагін бітірді. Қарағанды облыстық газетінде көп жыл еңбек етті. «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болды. «Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі қызметін атқарды.

Рымқұлдың қаламы төселген, ауыл өмірінен ойына алғанын тез бұрқыратып жазып тастайтын. «Сөзім өрнегі» деген тақырыпта 28 шағын әңгімесі шықты. Тамаша жазылған, адам қызығып оқыды. «Көңіл

шұғыласы» атты кітабында бүгінгі жастарымыздың бейнесі суреттеледі.

Әңгімелері мен повестері ойлы, тартымды, шымыр, оқырман көңілінен шығады.

«Алашым- аңсағаным» атты кітабына ғалым, жазушы Ақселеу Сейдімбек жақсы баға берді. «Жұлдыз» журналының (2002ж) №12 санында «Ақиық» атты көлемді публицистік мақаласы жарық көрді. Қуғын-сүргін көрген Кәмел мен Зейнолла жөнінде айтады.

«Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген

үйінде, көп адам қатысқан жиналыста атап ету керек. Бағалы сыйлықпен қоса Шет ауданының Құрметті азаматы атағын берсе деп пікір білдіремін. Өзіңді өзің, сыйла. Журналист - жазушы құрметке лайық азамат.

Шәукей ЖҰҚАНҰЛЫ,
Қазақ ССР-іне еңбегі
сіңген мұғалім.
Ауданның Құрметті
азаматы